



Ұлан айнасы



Газет 1932 жылдың 20 қарашасынан бастап шығады



Ұлан айнасы

№ 34 (8508), 21 ТАМЫЗ 2026 ЖЫЛ, ЖҰМА

e-mail: elmira@mail.ru

№34(8508), 21 АВГУСТА 2026 ГОДА, ПЯТНИЦА

• Президент

Президент тоғыз елдің елшісінен сенім грамоталарын қабылдады

Астанадағы Тәуелсіздік сарайында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев тоғыз мемлекеттің төтенше және өкілетті елшілерінен сенім грамоталарын қабылдады.



Ақорданың баспасөз қызметі таратқан мәліметке сәйкес сенім грамоталарын Молдова Республикасының елшісі Игорь Молдован, Вьетнам Социалистік Республикасының елшісі Тхань Ле Нгуен, Корея Республикасының елшісі Ки Хон Чжон, Оңтүстік Африка Республикасының елшісі Лунгисани Доминик Нтомбелла, Словакия Республикасының елшісі Любомир Регак, Германия Федеративтік Республикасының елшісі Хайке Ренате Пайч, Әзербайжан Республикасының елшісі Алимизамин Аскеров, Словения Республикасының елшісі Бранко Раковец және Намибия Республикасының елшісі Моника Ндилявике табыстады.

Мемлекет басшысы Қазақстанның күрделі геосаяси жағдайда бейбітсүйгіш сыртқы саясат ұстанатынын атап өтті.

– Қазақстан қазіргідей аса күрделі геосаяси жағдайда бейбіт сыртқы саясат жүргізіп келеді. Біз бейбітшілік салтанат құруға тиіс деп санаймыз. Сондықтан Орталық Азияда да, одан тысқары жерлерде де бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтап, ынтымақтастықты өрбіту үшін қолдан келген мүмкіндіктің бәрін жасаймыз, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның экономикалық әлеуетіне және ұлттық экономикаға шетел инвестициясын тарту бағытындағы жұмыстарға да тоқталды. Оның айтуынша, еліміз шетелдік кәсіпкерлер мен ірі компаниялардың жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдай жасауға басымдық береді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Астананың елшілер өкілдік ететін мемлекеттермен қарым-қатынасты нығайтып, көпқырлы ынтымақтастықты дамытуға мүдделі екенін жеткізді. Сондай-ақ шет мемлекеттердің басшыларына жылы лебізін жолдады.

• Құрмет төрінде

Эльмира СОВЕТКЫЗЫ

Ветеринария – елдегі эпизоотиялық ахуалды тұрақты ұстап, мал саулығы мен адам денсаулығын қорғауда айрықша маңызға ие сала. Бұл бағытта жауапкершілікпен еңбек етіп, кәсіби білімі мен тәжірибесін ел игілігіне арнап жүрген мамандардың еңбегі әрдайым құрметке лайық. Солардың қатарында Ұлан аудандық аумақтық инспекциясының басшылығында қызмет атқарып келе жатқан білікті маман Жанбота Болатбекқызы ШӘКУОВАНЫ ерекше атап өтуге болады.

«Ветеринария саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды



Жанбота Болатбекқызының ветеринария саласын дамытуға қосқан үлесі мен кәсіби еңбегі еленіп, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 35 жылдығына орай «Жаңа Қазақстан» республикалық инновациялық орталығы ұйымдастырған «Елге еңбегі сіңген 100 тұлға» республикалық байқауының қорытындысы бойынша «Ветеринария саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

Бұл марапат – білікті маманның салаға сіңірген еңбегіне берілген лайықты баға, кәсіби жауапкершілігі мен адал қызметінің айқын көрінісі. Жанбота Болатбекқызы 1994 жылғы 6 желтоқсанда Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының Қарасу ауылында дүниеге келген. 2012-2017 жылдары Алматы қаласындағы Қазақ ұлттық аграрлық университетінде «Ветеринариялық санитария» мамандығы бойынша жоғары білім алып, кәсіби жолын тандаған саласының қыр-сырын меңгеруден бастады. Жоғары оқу орнын тәмамдаған соң, 2017 жылы туған жері Тарбағатай ауданындағы «Тарбағатай-Вет» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының Қарасу ауылдық округі ветеринариялық пунктінде аға мал дәрігері болып еңбек жолын бастады. Жас маман үшін бұл кезең кәсіби тәжірибе жинақтап, жауапкершілік жүгін сезінудің алғашқы баспалдағы болды.

Сол жылдың қазан айынан бастап Ұлан ауданындағы ветеринария саласына қызметке келіп, аудандық ветеринария бөлімінде жетекші маман ретінде мемлекеттік қызмет атқарды. Ал 2018 жылдан 2026 жылға дейін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ұлан аудандық



аумақтық инспекциясында бас маман – мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор қызметін абыроймен атқарды.

2026 жылғы 23 мамырдан бастап Жанбота Болатбекқызы ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ұлан аудандық аумақтық инспекциясы басшысының міндетін атқарушы – Ұлан ауданы бойынша бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор лауазымында қызметін жалғастырып келеді.

Маманның күнделікті жұмысы үлкен жауапкершілікті талап етеді. Ол тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, адам мен жануарларға ортақ жұқпалы аурулардың алдын алуға бағытталған ветеринариялық-санитариялық шараларды ұйымдастырып, мемлекеттік қызметтердің сапалы әрі уақтылы көрсетілуін қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар аудан аумағынан шет мемлекеттерге экспортталатын тірі жануарларға, мал өнімдері мен жануарлардан алынатын шикізаттарға ветеринариялық сертификаттар мен қажетті рұқсат құжаттарын рәсімдейді. Замауи талаптарға сай ветеринария саласындағы ақпараттық жүйелерді, электрондық порталдар мен арнайы бағдарламаларды жетік меңгерген.

Сегіз жылдан астам уақытын ветеринария саласына арнаған Жанбота Болатбекқызы – кәсіби білімі терең, тәжірибесі мол, өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын маман. Әріптестері арасында абыройлы, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары қызметкер ретінде құрметке ие.

Ол өз қызметінде заң талаптарын қатаң сақтай отырып, ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, халық денсаулығын қорғауға және саланың дамуына үлес қосуға күш салып келеді. Кәсіби біліктілігін үнемі арттырып, жаңа білім мен тәжірибені меңгеруге де ерекше мән береді.

Маңдай термен келген марапаттың салмағы қашанда бөлек. Жанбота Болатбекқызының қызметтік еңбегі бұған дейін де басшылық тарапынан жоғары бағаланып, бірқатар марапаттарға ие болған. Ал «Ветеринария саласының үздігі» төсбелгісі – оның тандаған кәсібіне деген адалдығы мен табанды еңбегінің тағы бір жарқын дәлелі.

Елдің амандығы мен малдың саулығын қатар күзеткен ветеринар маманның еңбегі қашанда жауапты. Осы жауапкершілікті абыроймен арқалап келе жатқан Жанбота Болатбекқызына кәсіби жолында толағай табыс, жаңа белестер мен биік жетістіктер тілейміз. Еңбегі еленіп, абыройы асқақтай берсін!

• *Тұрғындар назарына*Қоғамдық
тыңдау

«JAYSON Kazakhstan Mining» ЖШС «Шығыс Қазақстан облысында 2026 жылғы 4 ақпандағы №4041-ЕЛ лицензиясы бойынша алаңда қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспары» ықтимал әсерлер туралы есеп жобасы бойынша ашық жиын түріндегі қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар орны мен уақыты: 30.09.2026 г. 10:00 с. Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы, Алмасай ауылдық округі, Баяш Өтепов ауылы, Сібе көшесі, 61, Мәдениет үйі. Zoom конференциясына қосылыңыз: <https://us06web.zoom.us/j/9410825532?pwd=RGhsL1dYXlcRSpuNo66bu8Q7j0Io3V.1&omn=83479866908>

Конференция идентификаторы: 941 082 5532; Кіру коды: 123456

Әсер ету аумағы – Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы, Алмасай ауылдық округі, Баяш Өтепов ауылы. Учаскенің координаттары: 49°38'00» - 82°32'00»; 49°38'00» - 82°29'00»; 49°37'00» - 82°29'00»; 49°37'00» - 82°32'00».

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Бастамашы: «JAYSON Kazakhstan Mining» ЖШС, БСН 251140026991, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, көшесі Рысқұлбеков, үй 39А, офис 200, пошта индексі 050042. Жобалар бойынша қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: hamza.36@mail.ru немесе +77718880804 нөмірі бойынша.

Әзірлеуші: Тойенбекова Лилия Салаватовна, Астана қ., Lilya1031@mail.ru, тел: +7-777-474-22-28. «Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті» РММ берген 03.12.2020 жылғы 02502Р лицензиясы.

Жергілікті атқарушы органы: «Шығыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ; Өскемен қ., Б.Керімбаев к-сі, 19 үй. тел. +7 (7232) 25-73-20, d.babakanova@akimvko.gov.kz.

Құжаттамалар Қоршаған орта және табиғи ресурстар деректерінің Ұлттық базасының <https://ndbecology.gov.kz/> порталында және ЖАО-ның <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat/activities/3726?lang=ru> сайтында, «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде жарияланған. Барлық ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz/> порталында немесе d.babakanova@akimvko.gov.kz электронды мекенжай арқылы қабылданады.

• *Вниманию жителей*Общественные
слушания

ТОО ««JAYSON Kazakhstan Mining» уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания к проекту Отчет о возможных воздействиях «Плана разведки твердых полезных ископаемых на площади по лицензии №4041-ЕЛ от 4 февраля 2026 года в Восточно-Казахстанской области».

Место и время проведения слушаний: 30.09.2026 г. в 10:00ч. Восточно-Казахстанская область, Уланский район, Алмасайский сельский округ, с. Баяш Утепов, улица Сібе, 61, Дом культуры.

Присоединиться к конференции Zoom: <https://us06web.zoom.us/j/9410825532?pwd=RGhsL1dYXlcRSpuNo66bu8Q7j0Io3V.1&omn=83479866908>

Идентификатор конференции: 941 082 5532; Код доступа: 123456

Территория воздействия – Восточно-Казахстанская область, Уланский район, Алмасайский сельский округ, с. Баяш Утепов.

Координаты участка: 49°38'00» - 82°32'00»; 49°38'00» - 82°29'00»; 49°37'00» - 82°29'00»; 49°37'00» - 82°32'00».

Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Инициатор: ТОО «JAYSON Kazakhstan Mining», БИН 251140026991, город Алматы, Ауэзовский район, улица Рысқұлбекова, дом 39А, офис 200, почтовый индекс 050042. Дополнительную информацию по проектам можно получить по электронной почте: hamza.36@mail.ru или по номеру тел. +77718880804.

Разработчик: Тойенбекова Лилия Салаватовна, г. Астана, Lilya1031@mail.ru, тел: +7-777-474-22-28. Лицензия 02502Р от 03.12.2020 г., выданная РГУ «Комитет экологического регулирования и контроля Министерства экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан».

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Восточно-Казахстанской области»; г. Усть-Каменогорск, ул. Б.Керімбаева, 19, тел. +7 (7232) 25-73-20, d.babakanova@akimvko.gov.kz.

Документация размещена на портале Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://ndbecology.gov.kz/> и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat/activities/3726?lang=ru> в разделе «Общественные слушания». Замечания и предложения принимаются на портале <https://ndbecology.gov.kz/> либо на электронную почту d.babakanova@akimvko.gov.kz

• *Тұрғындар назарына*Қоғамдық
тыңдау

«JAYSON Kazakhstan Mining» ЖШС «Шығыс Қазақстан облысында 2026 жылғы 4 ақпандағы №4042-ЕЛ лицензиясы бойынша алаңда қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспары» ықтимал әсерлер туралы есеп жобасы бойынша ашық жиын түріндегі қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар орны мен уақыты: 30.09.2026 г. 16:00 с. Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы, Аблакет ауылдық округі, Бестерек ауылы, Орталық көшесі, 19/1, Ғадас Салықов атындағы мектеп. Zoom конференциясына қосылыңыз: <https://us06web.zoom.us/j/9410825532?pwd=RGhsL1dYXlcRSpuNo66bu8Q7j0Io3V.1&omn=81405294557>

Конференция идентификаторы: 941 082 5532; Кіру коды: 123456

Әсер ету аумағы – Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы, Аблакет ауылдық округі, Бестерек ауылы.

Учаскенің координаттары: 49°40'00» - 82°35'00»; 49°39'00» - 82°35'00»; 49°39'00» - 82°39'00»; 49°40'00» - 82°39'00».

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Бастамашы: «JAYSON Kazakhstan Mining» ЖШС, БСН 251140026991, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, көшесі Рысқұлбеков, үй 39А, офис 200, пошта индексі 050042. Жобалар бойынша қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: hamza.36@mail.ru немесе +77718880804 нөмірі бойынша.

Әзірлеуші: Тойенбекова Лилия Салаватовна, Астана қ., Lilya1031@mail.ru, тел: +7-777-474-22-28. «Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті» РММ берген 03.12.2020 жылғы 02502Р лицензиясы.

Жергілікті атқарушы органы: «Шығыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ; Өскемен қ., Б.Керімбаев к-сі, 19 үй. тел. +7 (7232) 25-73-20, d.babakanova@akimvko.gov.kz.

Құжаттамалар Қоршаған орта және табиғи ресурстар деректерінің Ұлттық базасының <https://ndbecology.gov.kz/> порталында және ЖАО-ның <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat/activities/3726?lang=ru> сайтында, «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде жарияланған. Барлық ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz/> порталында немесе d.babakanova@akimvko.gov.kz электронды мекенжай арқылы қабылданады.

• *Вниманию жителей*Общественные
слушания

ТОО ««JAYSON Kazakhstan Mining» уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания к проекту Отчет о возможных воздействиях «Плана разведки твердых полезных ископаемых на площади по лицензии №4042-ЕЛ от 4 февраля 2026 года в Восточно-Казахстанской области».

Место и время проведения слушаний: 30.09.2026 г. в 16:00ч. Восточно-Казахстанская область, Уланский район, Аблакетский сельский округ, с. Бестерек, улица Орталық, 19/1, школа имени Ғадас Салықова.

Присоединиться к конференции Zoom:

<https://us06web.zoom.us/j/9410825532?pwd=RGhsL1dYXlcRSpuNo66bu8Q7j0Io3V.1&omn=81405294557>

Идентификатор конференции: 941 082 5532; Код доступа: 123456

Территория воздействия – Восточно-Казахстанская область, Уланский район, Аблакетский сельский округ, с. Бестерек.

Координаты участка: 49°40'00» - 82°35'00»; 49°39'00» - 82°35'00»; 49°39'00» - 82°39'00»; 49°40'00» - 82°39'00».

Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Инициатор: ТОО «JAYSON Kazakhstan Mining», БИН 251140026991, город Алматы, Ауэзовский район, улица Рысқұлбекова, дом 39А, офис 200, почтовый индекс 050042. Дополнительную информацию по проектам можно получить по электронной почте: hamza.36@mail.ru или по номеру тел. +77718880804.

Разработчик: Тойенбекова Лилия Салаватовна, г. Астана, Lilya1031@mail.ru, тел: +7-777-474-22-28. Лицензия 02502Р от 03.12.2020 г., выданная РГУ «Комитет экологического регулирования и контроля Министерства экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан».

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Восточно-Казахстанской области»; г. Усть-Каменогорск, ул. Б.Керімбаева, 19, тел. +7 (7232) 25-73-20, d.babakanova@akimvko.gov.kz.

Документация размещена на портале Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://ndbecology.gov.kz/> и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat/activities/3726?lang=ru> в разделе «Общественные слушания». Замечания и предложения принимаются на портале <https://ndbecology.gov.kz/> либо на электронную почту d.babakanova@akimvko.gov.kz